

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 2 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі, өкінішке қарай, өткен аптада әріптесіміз Кәрімова Гүлмира Раинбекқызы кенеттен қайтыс болды. Бұл қаза баршамыздың қабырғамызды қайыстырып кетті.

Гүлмира Раинбекқызы Солтүстік Қазақстан облысында жауапты қызметтер атқарып, өңірдің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірді. Білім және ғылым министрлігінде еңбек етіп, отандық білім беру саласын дамытуға үлкен үлес қосты. Таяуда ғана Сенат депутаты болып сайланған әріптесіміз шын мәнінде білікті маман еді.

Осындай қиын жағдай, үлкен трагедия, үлкен қайғы түсіп жатыр. Сол себепті ең алдымен әріптесіміздің отбасы мен жақындарына Сенат атынан тағы да көңіл айтамыз. Марқұмның жаны жаннатта, иманы саламат болсын дейміз.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 5-тармағына сәйкес Парламент депутаты қайтыс болған жағдайда оның өкілеттігі тоқтатылады. Соған байланысты Орталық сайлау комиссиясы Сенатқа тиісті ұсыным енгізді. Конституциялық нормаларға сәйкес бұл мәселе бойынша Сенат тиісті қаулы қабылдау керек.

Сол себепті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Кәрімова Гүлмира Раинбекқызының өкілеттігін тоқтату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық

экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ең алдымен Үкіметтің атынан және өзімнің атымнан сайлаудан сәтті өтіп, жұмысқа кіріскендеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Ел үшін істеп жатқан еңбектеріңіз абыройлы болсын деп тілек білдіргім келеді.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу туралы өтпелі ережелерге сәйкес Қырғыз Республикасының одақтың кедендік шекарасындағы барлық өткізу пункттерін 24 ай ішінде жайғастыруды және материалдық-техникалық жарактандыруды қамтамасыз етуге өзіне міндеттеме алған болатын.

Қырғыз тарапы аталған мерзімде үлгермеді, осыған байланысты мемлекет басшылары 2018 жылғы 14 мамырда «24 айдан» «48 айға», яғни 2019 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойған болатын. Алайда көрсетілген мерзімдер де Қырғыз тарапы үшін жеткіліксіз болды және 2019 жылғы 29 мамырда мемлекет басшылары Жоғары еуразиялық экономикалық кеңес отырысы шеңберінде «48 айдан» «72 айға», яғни 2021 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойған болатын.

Бүгінгі күні Қырғыз тарапы міндеттемелерін бұл мерзімде де орындай алмады. Осыған байланысты 2022 жылғы 19 сәуірде «72 айдан» «96 айға», яғни 2023 жылғы 12 тамызға дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойылды.

Осы хаттаманы ратификациялау еліміз үшін теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қосымша қаражат талап етпейді.

Құрметті депутаттар, осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Төраға. Менің сұрағым Қаржы министріне.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, Евразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекараларында кедендік бақылаудың тиімділігі өткізу пункттерін уақытылы жаңартуға байланысты болатыны түсінікті. Бәрімізге белгілі, жыл сайынғы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы кедендік шекарадағы кептеліс пен ұзынсонар кезек шекарадан өтетін адамдардың наразылықтарын туындатып жатады. Былтырғы жылы сіздің министрліктің тиісті мекемесі аталған жағдайлардың негізгі себебі Кеден одағы шеңберінде бір жеке тұлғаның кедендік шекарадан өткізу жиілігін заңнамалық реттеудің және тауарларды жүйелеудің нақты ережелерінің болмауы салдарынан екенін хабарлаған болатын. Бұндай жағдай кейбір жосықсыз кәсіпкерлердің тиісті баж және басқа салықтардан жалтаруына мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты сұрақ бар.

Кедендік декларациялаусыз және кедендік төлемдер мен салықтарды төлемей коммерциялық мақсаттарға арналған тауарларды тасымалдау әрекеттерін болдырмау үшін министрлік тарапынан қандай жұмыстар атқарылуда?

Осы мәселелерге қатысты Кеден одағы мүшелері тарапынан түсіністіктер бар ма? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Сұлтан Мырзабекұлы, сұрағыңызға рақмет. Расында да бұл сұрақ ауқымды мәселелерді қамтып отыр.

Біріншіден, аталған хаттамаға келетін болсақ, бұл Евразиялық одақтың сыртқы шекараларын модернизациялардан өткізуге бағытталған. Бұл Қырғыз Республикасына қатысты. Егерде ішкі шекарадағы жағдайға келетін болсақ, бұл жерде бізде кеден жоқ, дегенмен де ішкі шекаралар бойынша модернизациялаудың өзінің Жол картасы бар. Оны Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өз құзіретіне алып, сол бойынша тиісті Ресей бабымен және Қырғыз бабымен арнайы Жол картасы арқылы 2022 – 2025 жылдар аралығында 29 өткізу пунктін модернизациядан өткізу жоспарында бар.

Жекелеген адамдарға келетін болсақ, олардың өтуіне біз тосқауыл жасамаймыз. Егер олардың қандай да бір коммерциялық мақсатта алып өтетіні болса, оны біз Шекара қызметімен бірге біздегі тәуекелдерді басқару жүйесі арқылы бақылаймыз. Дегенмен жаңа сіз айтқандай, жылда-жылда кептелістер байқалады, бірақ дәл қазір ондай кептелістер жоқ, себебі қырғыз тарапымен толық келісім бар. Егер олардың тәуекелге бел буып отырған қандай да бір бизнесмендері, кәсіпкерлері өтетін болса, бізде арнайы салықтық тексеру жүргізіледі және де біз қырғыз тарапымен келіскенбіз, ондай кәсіпкерлердің тарапынан электрондық шот-фактураларды бізге ұсынады. Егер өтірік транзит болған жағдайда немесе декларацияны дұрыс толтырмаған жағдайда бізге ақпарат түседі, біз сол арқылы оларды арнайы тақырыптық тексеруден өткізіп отырамыз. Сондықтан жалпы жағдай, ахуал бақылауда тұр. Евразиялық экономикалық одақ бойынша Алматы

қаласында бүгін-ертең тағы арнайы кеңес болады, сол жерде осы мәселелер тағы да толығымен талқыланатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министріне.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін жаңғырту жөніндегі міндеттемелерін орындау мерзімі 2021 жылдың 12 тамызында аяқталған болатын. Әрине, бұл мерзімді тағы екі жылға ұзарту туралы хаттамаға 2022 жылдың 19 сәуірінде қол қойылып, өткен жылдың 31 қазанында ғана Парламенттің қарауына енгізілді.

Қарастырып отырған хаттама ратификацияланған жағдайда Қырғызстанға өз міндеттемелерін орындау үшін алты ай көлемінде уақыт қалады.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, осыған байланысты менің сізге бірқатар сұрақтарым бар.

Бірінші. Қазіргі уақытта кедендік шекарадағы өткізу пункттерінің дайындығы қандай?

Екінші. Осыдан кейін алдағы уақытта хаттама жасасу арқылы мерзімін бізге тағы ұзартуға тура келмей ме?

Үшінші. Жұмыстардың аяқталмауына және мерзімнің қайта-қайта ұзартылғанына байланысты біздің тарап қандай шығындарға және тәуекелдерге ұшырауы мүмкін?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Геннадий Геннадиевич, сұрағыңызға рақмет. Маңызды сұрақтар қойып отырсыз.

Шекараның дайындығы бойынша айтсақ, ең басында біз шекараны модернизациядан өткізетін кезде, яғни Қырғыз тарапы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылған кезде олар 24 айдың ішінде 14 өткізу пунктін толық бітіреміз деген. Енді өздеріңіз көріп отырсыздар, мерзімі үшінші рет ұзартылды. Дегенмен 14 өткізу пунктінің 12-сі қазір дайын. Екі өткізу пункті бойынша қазір жұмыстар қарқынды жүріп жатыр, ол – Қытай Халық Республикасымен және Тәжікстанмен арадағы екі шекара. Әрине, бұған көп кедергі болғаны пандемия жағдайы, яғни пандемия кезінде Ресей мамандарының шекарадан өте алмай қалуы. Өздеріңіз білесіздер, сонымен қатар Ресей мен Украина арасында болып жатқан жағдай да өз әсерін тигізіп жатыр.

Осы екі өткізу пункті бойынша жұмыстардың қарқыны жаман емес, биыл аяқталуы мүмкін.

Мерзімдерінің қайта-қайта ұзартылуына келсек, өздеріңіз білесіздер, былтыр күзде Қырғызстан мен Тәжікстан арасында екі өткізу пунктінде қақтығыстар болды. Соған байланысты қосымша тағы екі өткізу пункті қайта жарақтандыруды талап етіп отыр. Сондықтан уақытын тағы бір жылға созу бойынша ратификация жүргізуді қажет етеді.

Тәуекел немесе қандай да бір шығындарға келсек, ондай шығындарды болдырмау үшін біздің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қырғызстанның кеден қызметінің арасындағы келісімшарттар бойынша бақылауды күшейттік, яғни электрондық шот-фактуралар және басқа да құжаттар арқылы тексеріп отырамыз. Негізгі мақсат – еліміздің экономикасын, жалпы, одақтың кедендік түсімдерінің азайып кетпеуін және зиян келмеуін бақылау. Сондықтан бұл ахуал толығымен бақылауда. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Рассматриваемым протоколом предлагается продлить срок обустройства и материально-технического оснащения пунктов пропуска на таможенной границе Евразийского экономического союза для Кыргызской Республики в соответствии с требованиями, регулируемыми таможенные правоотношения международных договоров и актов, составляющих право Евразийского экономического союза, до 12 августа 2023 года.

Изначально Кыргызская Республика в соответствии с переходными положениями по ее присоединению к Евразийскому экономическому союзу взяла на себя обязательство обеспечить обустройство и материально-техническое оснащение всех пунктов пропуска Кыргызской Республики на таможенной границе Евразийского экономического союза в течение 24 месяцев. Однако кыргызская сторона не уложились в указанные сроки.

В целом модернизации подлежат 14 пунктов пропуска, из которых по двум автомобильным пунктам пропуска работы не завершены. Это «Торугарт» на границе с Китайской Народной Республикой и «Карамык» на границе с Таджикистаном.

Ратификация закона не повлечет социально-экономических и правовых последствий для нашей страны и не потребует выделения средств из республиканского бюджета.

По данному закону от постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

С учетом вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету в соответствии с подпунктом 2 пункта 55-4 Регламента Сената Парламента Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 года», принятый Мажилисом Парламента.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Бүгінгі күн тәртібінде қаралып отырған заңды қолдаймын және оны қолдауға шақырамын.

Қазақстан Республикасы ұзақ жылдар бойы Қырғыз Республикасымен жан-жақты өзара әрекеттесуді тұрақты түрде дамытып келе жатыр.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ осындай хаттамалардың бұдан бұрын екі рет қабылданғанын ескере отырып, қаралып отырған заң уақыты мен негізділігіне байланысты өте қажетті әрі маңызды деп бағаланады.

Қаралып отырған бұл хаттама бойынша Қырғыз тарапы Ресей тарапымен уағдаласып, Ресей тарапы қажетті көлемде қаражат берген болатын. 2020 жылғы пандемия және басқа да геосаяси ахуалдарға байланысты келісімде көрсетілген кейбір шарттар уақытылы орындалмады. Бүгінгі күні Қырғыз Республикасындағы одақтық кеден шекарасындағы 12 өткізу бекеті жасалып, Тәжікстан мен Қытай мемлекеттері арасындағы шекараға қатысты екі өткізу бекеті енді жайғастырылуда.

Негізінен қаралып отырған заңда басты мәселе – хаттаманы ратификациялау. Себебі ратификация өз тарапында көлеңкелі импортты ұлғайту, бюджетке салықтардың түспеуі, одақ нарықтарына контрафактілік қауіпті өнімдерді әкелу сияқты тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін болады.

Осыған байланысты Қырғыз Республикасының барлық өткізу пункттерін жайғастыру және материалдық-техникалық жарақтандыру мерзімдерін жеделдету туралы мәселені қою өте маңызды екенін атап өткім келеді.

Тағы бір маңызды мәселе бірі – бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының шекарасында жеті өткізу пунктінің орналасқандығы. Оларда тек 2022 жылдың он бір айында жалпы тауар айналымы 1 миллиард 25 миллион АҚШ долларын құрап, оның ішінде экспорт 676 миллион АҚШ доллары болса, импорт 349 миллион АҚШ долларын құрап отыр.

Заңда қаралып отырған барлық келісімнің баптары адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының ережелеріне қайшы келмейді.

Заңның қолданысы теріс әлеуметтік салдарға, теріс қаржылық, экономикалық, құқықтық және өзге салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті әріптестер, сол себептен заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

Мәжіліс қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз

Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл хаттама Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы Қырғыз Республикасының өткізу пункттерінің қызметіне қатысты жекелеген мәселелерді шешуге бағытталған. Сондай-ақ заң Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көліктерді алып өтетін жерлерді сапалы жабдықтауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын бірінші оқылымда қарау туралы.

Бұл заң Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Сенат депутаты Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам упрощения порядка разрешения трудовых споров и конфликтов» поступил на рассмотрение Сената 26 декабря 2022 года.

Инициаторами закона являются депутаты Парламента Казахстана.

Целью закона является совершенствование законодательства Республики Казахстан по вопросам регулирования трудовых конфликтов и организации переговорных процессов.

Основными задачами закона являются упрощение процедуры организации переговоров, усиление института согласительных комиссий, трудового арбитража и роли профессиональных союзов в решении трудовых споров.

Актуальность закона очевидна. В последнее время в стране растет количество митингов и забастовок, лежащих в плоскости трудовых отношений. Большая часть инцидентов происходит, минуя этап переговоров. В результате все они признаются незаконными, а проблемы работников не решаются. Это говорит о недостатках в работе и регулировании работы переговорных и примирительных институтов.

Президент Токаев в своем выступлении сказал: «Необходимо вырабатывать хорошую привычку – решать любые проблемы путем переговоров и диалога. Трудовые

споры должны разрешаться не на площадях и улицах, а за столом переговоров, это единственный верный путь».

В связи с этим законопроектом предусмотрены следующие изменения и дополнения в Трудовой кодекс Республики Казахстан и Закон Республики Казахстан «О профессиональных союзах».

Усиление роли и повышение статуса согласительной комиссии, в том числе порядок работы согласительной комиссии предлагается отражать в едином локальном нормативном правовом акте – Соглашении о работе комиссии. Ознакомить с этим документом работников становится обязанностью работодателя. При этом законопроектом четко оговаривается содержание соглашения.

К числу лиц, имеющих право обратиться в согласительную комиссию, добавляются ранее состоявшие в трудовых отношениях работники, в том числе те, кто в период трудовых отношений не написал заявления в комиссию.

Также появляется возможность отзыва заявления.

Оговариваются конкретные сроки исполнения решения согласительной комиссии. Решение согласительной комиссии является обязательным для работодателя, работников и лиц, ранее состоявших в трудовых отношениях.

Упрощение процедуры организации забастовок. Законопроектом закрепляется обязанность работодателя предоставлять помещения для собраний. Их организация станет проще и доступнее.

Решение о проведении забастовки можно будет принимать не 2/3, а простым большинством, при этом также сокращается кворум конференции.

Вводится понятие «часовая предупредительная забастовка», которая может быть проведена в период арбитража и показывает серьезность намерений коллектива.

Если на предприятии есть профессиональный союз и выборный представитель работника одновременно, для принятия решения о забастовке создается единый орган.

Также законопроектом предусмотрено введение в состав трудового арбитража представителей трехсторонних комиссий по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений, что позволит активизировать работу этого института.

Принятие закона позволит упростить процедуры организации переговорных процессов, формулирование и выдвижение требований, что будет способствовать решению трудовых конфликтов в правовом поле. Закон усилит институт согласительных комиссий, трудового арбитража, роль профессиональных союзов в разрешении трудовых споров.

С учетом изложенного предлагаю одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам упрощения порядка разрешения трудовых споров и конфликтов».

Уважаемые депутаты, принятие закона не влечет негативных социально-экономических и правовых последствий.

Прошу поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Молдабекқызы.



Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Рассматриваемым законом вводится понятие «часовая предупредительная забастовка». Данная новелла в некоторой степени может упростить возможности работников для защиты своих прав. Однако согласно закону в данной забастовке участие могут принять не более 50 работников. При этом в Казахстане, согласно статистическим данным, насчитывается более 2,4 тысячи крупных юридических лиц, где среднесписочная численность работников превышает 250 человек.

В то же время анализ трудового законодательства других стран, в частности Российской Федерации, где норма о проведении часовой предупредительной забастовки действует с 2011 года, свидетельствует об отсутствии каких-либо количественных ограничений по участникам таких забастовок.

В этой связи прошу ответить, на основании каких критериев и подходов был установлен данный количественный ценз? Объективно ли такое лимитирование для трудовых коллективов крупных предприятий? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Сарбасов Ақмәди Әділұлы, жауап беріңіз.

САРБАСОВ А.Ә. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! На самом деле этот вопрос обсуждался в рамках рабочей группы в Мажилисе, он был поднят депутатами. Мы поддерживаем данное предложение.

Суть данного предложения, что в забастовке участие могут принять не более 50 работников, в том, чтобы обеспечить бесперебойность производственного процесса на предприятии. Это первое.

Второе. Это предупредительная забастовка, которая применяется в рамках трудового арбитража, она ограничена одним часом. Поэтому мы полагаем, что вполне уместно ее проведение в рамках трудового арбитража, при этом право работников на проведение полноценной забастовки не ограничено. То есть по истечении всех примирительных процедур, в данном случае после трудового арбитража, работники малого, среднего или крупного бизнеса вправе провести полноценную забастовку.

Были различные варианты в зависимости доли от субъектности, тем не менее депутатами было дано такое предложение, мы поддержали. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақмәди Адилович, в этой связи сразу уточняющий вопрос. В случае нарушения той или иной стороной соответствующего закона, если он будет принят, подписан, какая ответственность предусмотрена для работодателей и работников?

САРБАСОВ А.Ә. Спасибо за вопрос.

В отношении работодателей за отказ в проведении примирительных процедур есть административная ответственность, соответствующие санкции. Орган государственной инспекции труда вправе рассматривать.

Что касается работников, безусловно, есть ответственность в случае проведения незаконной забастовки за рамками того алгоритма, который прописан Трудовым кодексом, в данном случае наступает дисциплинарная ответственность, вплоть до увольнения. Также можно рассматривать вопрос и уголовной ответственности, если такие забастовки продолжались в случае признания их судом незаконными. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне арналады.

Жалпы, қаралып жатқан заңды қолдаймын, соңғы кездері елде еңбек ереуілдерінің жиілеп кеткенін ескерсек, бұл маңызды әрі өзекті.

Сонымен қатар қазіргі уақытта әлем әлеуметтік, технологиялық, экономикалық және саяси сипаттағы жаһандық тенденциялардың әсерінен жылдам өзгеріп жатқанын, ал COVID-19 пандемиясы экономикалық қайта құруларды тек жеделдеткенін атап өткім келеді.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы жүргізген сараптама нәтижелері бойынша ұлттық еңбек нарығына тікелей немесе жанама әсер ететін жаһандық үрдістер анықталуда. Солардан менің ойымша неғұрлым маңыздыларын атап өтейін.

1. Баяндамаға сәйкес Қазақстандағы жұмыс орындарының жартысынан көбі (52 пайыз) автоматтандырудың жоғары немесе елеулі тәуекелінде, бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының орташа деңгейінен (47 пайыз) сәл жоғары. Бұл көптеген қазақстандықтар сұранысқа ие ең алдымен цифрлық дағдыларды қайта даярлауға немесе үйренуге мәжбүр болады дегенді білдіреді.

2. Сарапшылардың пікірінше 2025 жылға қарай Қазақстанда жұмыс күшінің құрылымы өзгеріп, олардың көпшілігі Қазақстанда цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейімен ерекшеленетін миллениалдар мен Z ұрпақтары болады.

3. Сарапшылар еңбек нарығындағы бір маңызды үрдісті атап отыр. Мәселен, біздің елімізде еңбек нарығы біліктілік деңгейін лайықты түрде бағаламайды. Мысал келтірсек, Қазақстанда дәрігер мен көлік жүргізушісінің орташа табысындағы айырмашылық 31 пайызды құраса, Германияда бұл көрсеткіш 172 пайызды, Бразилияда 174 пайызды, АҚШ-та 261 пайызды құрайды. Бұл үрдіс еңбек нарығының құрылымына әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды.

Еңбек нарығының негізін құрушылар – жұмыс берушілер, азаматтар мен Үкімет бұл өзгерістерге дайын ба? Дайын болса, бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр немесе жоспарлануда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақмәди Әділұлы, жауап беріңіз.

САРБАСОВ А.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа айтылған әлеуметтік, демографиялық трендтер жөнінде біз толығымен келісеміз.

Наш Центр развития трудовых ресурсов такую информацию подготовил. Я могу добавить к статистике, которая была озвучена, что на самом деле эти вызовы на рынке труда есть. У нас порядка 20 процентов безработных, которые не имеют профессионального образования, также 10 процентов занятых. При этом к 2030 году доля пожилого населения вырастет до 12 процентов.

Если говорить о навыках, то мы знаем, что ближайшие 5-10 лет появится более 200 новых профессий, более 100 действующих профессий будут трансформированы.

В рамках выработки единой стратегии развития рынка труда сейчас готовится единая концепция регулирования рынка труда, где мы предусмотрели ряд направлений. Прежде всего это обучение на протяжении всей жизни, подготовка кадров по потребности экономики.

Сейчас Правительством подготовлен проект Закона «О профессиональных квалификациях» и внесен в Мажилис Парламента, в рамках которого предусматривается внедрение механизма подтверждения квалификации работников с выдачей соответствующих сертификатов. Это позволит полноценно обеспечить доступ к профессии работников с учетом их навыков, которые они имеют в рамках формального и неформального образования.

Кроме того, это развитие более полноценной системы социального обеспечения. Эту работу мы проводим в рамках проекта Социального кодекса, который также внесен на рассмотрение Парламента. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақмәди Әділұлы, жаңа қойылған сұрақтың тағы да екінші жартысы болды ғой. Бізде диспропорциялар барын әріптесіміз көрсетіп жатыр, дәрігерлердің жалақысы мен басқа да мамандықтар бойынша жұмыс істеп жатқан азаматтардың жалақысының арасында үлкен айырмашылықтардың жоқтығын, бұндай үлкен айырмашылықтардың басқа мемлекеттерде бар екенін айтып жатыр. Осы жалақыларды көтеру үшін не істеліп жатыр, Үкіметтің тарапынан қандай жұмыстар жасалып жатыр, осы туралы да айтып кетсеңіз.

САРБАСОВ А.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

Жалақыны көтеру бойынша қазіргі кезде азаматтық қызметкерлерді айтсақ, бізде 1 миллион 200 азаматтық қызметкер жұмыс істейді. 2020 жылдан бастап осы төрт жыл ішінде олардың айлықтары екі есеге көтеріледі. Оған қоса жеке секторды айтсақ, былтыр біз жұмыс берушілермен бөлек жұмыс істедік. Сол жұмыстың нәтижесінде жұмыс берушілер осы бір жылдың ішінде 1 миллионнан аса жұмыскердің айлығын 18 пайызға көтерді. Бұл жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жаксы, рақмет. Келесі сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлы беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

Заңның атауына сәйкес заң еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлатуға бағытталған. Алайда заң арқылы Еңбек кодексіне енгізілген түзетулер келісу комиссиясы мен еңбек төрелігі қарайтын жеке және ұжымдық еңбек дауларына қатысты болып табылады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Заңның атауына «жанжал» сөзін қосу немен байланысты? Мұнда ұқсас ұғымдардың артық қолданылып, қайталануы көрініс тауып отырған жоқ па?

Сонымен қатар еңбек заңнамасы «әлеуметтік-еңбек жанжалдары» терминін олардың алдын алу және болғызбау жөніндегі іс-шаралар туралы, әлеуметтік әріптестік туралы бас және салалық келісімдерге енгізілуі тиіс деген контексте қолданылады.

Олай болса заңның тақырыбында «әлеуметтік-еңбек жанжалдарын» деп көрсету орынды болмас па еді? Осы жерін түсіндіріп беріңізші.

ТӨРАҒА. Сарбасов Ақмәди Әділұлы, жауап беріңіз.

САРБАСОВ А.Ә. Сұрағыңызға рақмет. Қазіргі кезде егер келісу рәсімдері кезінде еңбек дауы шешілмесе ол жанжалға ауысуы мүмкін. Мысалы, былтырғы жылы 260 мекемеде еңбек дауының қаупі болды, бірақ оның тек елуі жанжалға ұласты. Сондықтан біз осы заң жобасының атауында ешқандай қайталау жоқ деп ойлаймыз. Оған қоса бұл заңда әлеуметтік еңбек жұмыскерлеріне қатысты нормалар реттелмейді. Мысалы, жұмыскерлерге әлеуметтік пакет, қосымша төлемдер. Бұл сұрақтар негізгі әлеуметтік әріптестік бойынша үшжақты сала келісімдерінде қарастырылады. Сондықтан заң жобасының атауы оның тақырыбын дұрыс білдіреді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Баяндамашы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары мен міндеттері жайлы толық, жан-жақты баяндап берді.

Заңды дайындау барысында еңбек құқығы саласындағы үздік тәжірибелер мен Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстары пайдаланылды.

Соңғы жылдары қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек дауларының басым бөлігінде келіссөздер өз деңгейінде өтпей, дау-дамайларға алып келуде. Еңбек дауларының алдын алу, ортақ келісімге келу бүгінде өте өзекті.

Осы орайда заңда жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы өзара еңбек қарым-қатынастарын реттеу және келіссөздер процестерін ұйымдастыруды жеңілдету, келісім комиссияларының, еңбек төрелігінің және еңбек дауларын шешудегі кәсіптік одақтардың

рөлін күшейту қарастырылып отыр. Келісу комиссияларын қалыптастыру рәсімі қайта қаралып, еңбек дауы бойынша шешім қабылдау кезінде келісу комиссиясы мүшелерінің тең құқығы қамтамасыз етілді, сағаттық ескерту ереуілін өткізу жөніндегі норма айқындалып отыр.

Сонымен қатар заңда жұмыс берушінің жергілікті атқарушы органдарды еңбек жанжалының туындағаны туралы міндетті түрде хабардар ету керектігі көзделіп отыр. Алайда мұндай талаптарға қарамастан мәліметтерді кеш ұсынған немесе ұсынбағаны үшін жауапкершілік қарастырылмай отыр. Сондай-ақ уәкілетті орган тарапынан осы талаптардың іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібі нақтыланбаған. Келешекте аталып отырған сұрақтар еңбек қатынастарын реттейтін заңнамаларды одан әрі жетілдіру барысында ескеруді қажет етеді.

Баяндалғандарды ескере отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған заң Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарында жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасында сындарлы диалог жүргізуді және еңбек даулары туындағанда араларында келісім комиссиясын құру арқылы мәселелерді шешу мақсатын көздейді.

Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін елімізде орын алған еңбек даулары қайғылы оқиғаларға әкеліп соқты. Қолданыстағы құқықтық нормалар еңбек жанжалдарының заң шеңберінен тыс қалуына әкелді.

Заңда еңбек дауларын шешу үшін келіссөздер ұйымдастыру рәсімі оңайлатылған, келісім комиссиялары мен еңбек төрелігі институты күшейтілген, қызметкерлердің құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі нақты айқындалған.

Мұның бәрі құқықтық саладағы еңбек жанжалдарын шешуге бағытталған.

Құрметті әріптестер, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСПІ Н.Б. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз сенатор Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Кәсіптік одақтар туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Заңның негізгі мақсаты еңбек жанжалдарын реттеу және келіссөздер процестерін ұйымдастыру мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заңда келісу комиссияларын қалыптастыру және Еңбек төрелігін құру тәртібін, олардың қызметін жетілдіру көзделген. Осы орайда еңбек дауларын қарау мерзімдері қысқартылды, келіссөздер процестерін ұйымдастыру, талаптарды тұжырымдау және

ұсыну рәсімдері жеңілдетілді, кәсіптік одақтардың рөлі күшейтілді. Өз кезегінде бұл еңбек жанжалдарын жедел шешуге ықпал етеді деп сенеміз.

Заңды қабылдау теріс және өзге де жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Ұсынылып отырған заң бойынша тиісті мемлекеттік органдардың өкілдерімен, сарапшылардың қатысуымен жұмыс топтары өткізілді. Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппараты тарапынан ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, Мемлекет басшысы еңбек дауларына қатысты құқықтық қатынастарды қосымша регламенттеу қажет екенін бірнеше рет көтерген болатын. Соған сәйкес әзірленген бұл заң осы саладағы заңнаманы жетілдіруді көздейді.

Жалпы, дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін қолдану – құқықтық саясатты дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Осы заң арқылы жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі қайта қаралады. Сондай-ақ келісу және татуластыру комиссияларының мәртебесі күшейе түседі.

Алдағы уақытта жаңа нормалар жұмысшылардың құқықтарын қосымша қорғауға және еңбек дауларын азайтуға ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Настоящим депутатским запросом поднимаются вопросы оказания услуг по перевозке лиц с инвалидностью автомобильным транспортом.

Правила оказания услуг по перевозке лиц с инвалидностью автомобильным транспортом утверждены приказом Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 1 ноября 2013 года.

В соответствии с положением настоящие правила определяют общий порядок и условия обеспечения доступной транспортной среды для инвалидов при оказании услуг по перевозке автомобильным транспортом. Правила действуют на всей территории Республики Казахстан и являются обязательными для всех физических и юридических лиц независимо от форм собственности.

Вместе с тем в правилах не предусмотрены нормы об ограничении предоставления услуги инватакси лицам с инвалидностью, в связи с чем возникает острая проблема охвата других лиц с инвалидностью услугой по перевозке. В частности, в правилах не регламентировано время подачи заявки на получение услуги инватакси. Поэтому диспетчерам приходится принимать заявки на получение услуги инватакси от лиц с инвалидностью в нерабочее время.

Порядок обеспечения лиц с инвалидностью специальными средствами передвижения (кресла-коляски) регулируется приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 22 января 2015 года.

Специальные средства передвижения (кресла-коляски) – вид технической помощи для активного и пассивного передвижения лиц с инвалидностью. В соответствии с приказом предусмотрены следующие сроки замены кресел-колясок:

- кресло-коляска комнатное – не ранее, чем через 7 лет;
- кресло-коляска прогулочное – не ранее, чем через 4 года;
- универсальное кресло-коляска – не ранее, чем через 5 лет;
- кресло-каталка – не ранее, чем через 5 лет.

В связи с запросами по уменьшению срока замены выдаваемых кресел-колясок предлагается внести изменения в приказ:

- кресло-коляска комнатное – не ранее, чем через 5 лет;
- кресло-коляска прогулочное – не ранее, чем через 3 года;
- универсальное кресло-коляска – не ранее, чем через 2 года;
- кресло-каталка – не ранее, чем через 4 года.

Кроме того, необходимо обеспечить пользователей кресел-колясок обучением пользования, ремонтом и обслуживанием в течение срока службы кресел-колясок.

На основании изложенного для разрешения вышеуказанных вопросов предлагается:

установить ежемесячный лимит поездок общей стоимости на одного пользователя инватакси на примере города Алматы в размере 160 тысяч тенге в месяц, а местным органам власти формировать ежемесячную сумму на услуги инватакси в соответствии со средней стоимостью услуг такси в регионе, городе или населенном пункте;

в качестве поощрения и мотивации лиц с инвалидностью, занимающихся продуктивной деятельностью, внедрить систему повышенного лимита суммарной стоимости поездок;



дополнить перечень получателей услуги инвотакси лицами с инвалидностью первой и второй групп из числа лиц с нарушениями опорно-двигательного аппарата, не являющихся пользователями колясок;

разместить услугу инвотакси на портале социальных услуг с возможностью свободного выбора поставщика услуг пользователем. Данная услуга должна предоставляться на основаниях, аналогичных с такими агрегаторами извозчиков такси, с возможностью осуществлять заказ на поездку в любое время и в любом количестве в пределах положенной суммы.

С уважением, депутаты Лукин, Калтаева».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Келесі сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сауал Үкімет басшысының орынбасары Алтай Көлгіновке жолданады.

«Жақында біз Алматыдағы А. Островский атындағы зағип және көзі нашар көретін балалардың №4 мектеп-интернатында болдық. Көзі көрмейтін балалардың саны жыл сайын көбейіп келе жатыр. 1972 жылы салынған интернатқа қосымша ғимарат салу қажет.

2022 жылы Алматыда 50 мың бала дүниеге келген екен, солардың арасында шала туған нәрестелердің 400-ге жуығынан ретинопатия – көздің тор қабығының дамымауы анықталған. Есту қабілеті бұзылған 44 сәби тіркелген.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарасақ, әрбір жаңа туған баланың 68-нің аутикалық спектр ауытқушылығы бар, бұл көрсеткіш жылына 13 пайызға өсіп отыр.

Ғалымдардың айтуынша аутизм ХХ ғасырдың обасы, ал «цифрлық аутизм» ХХІ ғасырдың дерті.

Қазір дүние жүзінде, соның ішінде Қазақстанда «цифрлық аутизм» белгілері байқала бастады. Смартфонды ұзақ ұстау салдарынан балалар есте сақтау, көру, сөйлеу қабілетінен айрылуда. Өз бетінше ойлау, ұзақ мәтіндерді қабылдау, айналаға назар аудару қиындады.

Қазір бала жыласа ата-анасы қолына телефонды ұстата салады, мидың тектоникасы тап сол сәттен бастап бұзылады. Сөйлеу, логикалық ойлау дағдысына бұл үлкен соққы. Бір минутта 70 сөз оқу қиынға түсетін болды. Тіпті тілі кеш шығатын, көзі қыли балалар саны жыл сайын артып келе жатыр. Жеті атасын жатқа білетін ұрпақ орнына жеті ауыз сөзді әзер айтатын жаңа толқын пайда болды.

Бір заманда Мұрын жырау «Қырымның қырық батыры» деген дастанды қырық күн жырлаған екен. Қырғыз елінде «Манас» дастанын 125 сағат тоқтаусыз жырлайтын манасшы тіркелген.

Скринэйджер, зуммер немесе Z ұрпақ – өз өмірін қазір электрондық құрылғысыз елестете алмайтын жаңа буын.

Ата-аналардың 65 пайызы балаларына үш-бес жастан гаджет ұстатады. Оқушы балалардың 40 пайызының өз аккаунты бар. Осындайдың салдарынан балалар аулаға

шығып ойнамайды, бұған онлайн оқу қосылды. Бір сөзбен айтқанда, қолына «смартфон ұстап туған» буын өмірге келді. Кибермания сұмдық жылдамдықпен өрістеп жатыр. «Цифрлық тәуелділік» деген диагноз халықаралық аурулар классификациясына еніп отыр. Цифрлық аутизм, цифрлық ақыл-ес кемдігі, facebook-депрессия, цифрлық алысгеймер, цифрлық теңіз ауруы ресми болмаса да тіркелді. Онлайн ойындарға тәуелділікті де осы қатарға жатқызуға болады. Жаңа жағдай – жаңа қауіп. Логоневроз, Туретт синдромы күшейе бастады. Тұтас ұлт пен ұрпақтың үлкен қауіп алдында тұрған жағдайы бар.

Әрине, цифрлық технология – өмір талабы, заман ықпалы. Сауатты пайдалана білсек ғылым мен техника жетістіктері осы салада жатыр. Әйтсе де компьютер мен смартфонға «басымен кіріп кеткен» жас ұрпақты сақтандыру амалы бар ма? Касперский лабораториясы «Ата-аналар бақылауы» деген функция енгізді. Қауіпті контенттерді шектейтін амалдар бар.

Жапония мен Франция, Қытай заңнамасы не дейді? Былтыр Жапонияда интернет пен бейне ойындарды күніне бір сағатқа шектеу туралы шешім шығарылған. Франция мемлекеті де бұл қауіптің алдын алу әрекетін жасауда. Қытайда киберкеңістік мәселелерін реттеу шаралары қолға алынған. Алайда тыйым салумен іс біте ме? Балалар телефонды тығылып отырса да ұстайтынын бәріміз білеміз.

Осы заманғы технологиялар заңнан да күшті.

Осыған байланысты біз Үкіметке төмендегідей ұсыныс жасағымыз келеді:

жаңа туған нәрестелерді жаппай ретинопатия және аудиологиялық скринингтен өткізудің сапасына мән беру;

Алматы қаласындағы А. Островский атындағы №4 мектеп-интернаттың қосымша ғимаратын салу мәселесі;

логопед, офтальмолог мамандықтарына бөлінетін мемлекеттік грант санын көбейту;

Қазақстан мектептерінде 100 томдық «Бабалар сөзі» топтамасына енген қазақтың жыр-дастандарын, термелерін жас ұрпаққа жаттатқызып, үйретуді енгізу;

Киберманияның зияны туралы Қазақстан мектептері мен мектепке дейінгі дайындық мекемелерінде ата-аналар комитеті, ата-аналармен жұмыс істейтін түрлі қоғамдық ұйымдар қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Нұртөре Жүсіп, Сұлтанбек Мәкежанов, Ләззат Қалтаева». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жетісу облысында «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 520 мың гектар жерді алып жатыр. Парк құрамына өте сирек кездесетін «Айғайқұм» табиғат ескерткіші, «Бесшатыр» қорғандары кіреді.

Флорасы мен фаунасынан өсімдіктердің 22 түрі, құстардың 18 түрі, өте сирек кездесетін Тянь-Шань арқары, барыс, бозтүсті ергежейлі қосаяқ және Пржевальск жылқысы Қызыл кітапқа енген. Балықтың 3 түрі эндемиктер болып саналады. Саябақта 180 арқар, 2 мың 840 таутеке, 3 мың 600-ден астам құлан, 6 мыңға жуық қарақұйрық мекендейді.

Қазақстанда қарақұйрықтың ең жоғары тығыздығы «Алтынемел» паркі аумағында. Олар саябақтан Іле-Балқаш өңірі, Сарыесік-Атырау құмдарына төлдеу үшін көктемде, қыстап шығуға күзде қоныс аударатын. Алайда 2000 жылдан бастап аңдар қыстайтын, төлдейтін негізгі қолайлы жерінен тысқары қалып, миграциясы толығымен тоқтады.

Мұның бірқатар себептері бар. Кейінгі ширек ғасырда көптеген ауылшаруашылық субъектілерінің жер телімдерінің бөлісі, ауылдарда мал басының көбеюі, жайылымның азаюы, ашық көлік дәліздері мен логистиканың, электр энергиясы, газ құбыры құрылыстарының көптеп салынуы жабайы жануарлар миграциясына қатты әсер етуде.

Сонымен қатар «Алматы – Талдықорған – Өскемен», «Алматы – Сарыөзек – Қорғас» бағыттарындағы көлік қозғалысының көптігі аңдар мен жабайы жануарлардың қозғалысына үлкен қауіп төндіруде.

Аңдардың миграция жолында шаруа қожалықтары, омарталар, туристік, балық аулау және аңшылық базалары пайда болды.

Климаттық өзгерістерге байланысты шамадан тыс шабындықтарды шабу, әртүрлі себептермен болатын өрттер, ауыл шаруашылығы саласындағы қолданылатын тыңайтқыштар тоғай, ормандардың, өсімдіктердің жойылуына, топырақтың тозуына әкелуде.

Сарыесік-Атырау аймағында бұрынғы құдықтар мен бастаулардың бұғатталып қалуы өсімдіктердің өсуін азайтып, шөлге айналу процесі жүруде.

Квадрокоптер, мультикоптер, дрондарды пайдалану қол жетпейтін өзен-су жағалауларына, табиғатқа өзінің антропогендік қысымын күшейтуде.

Жоғарыда баяндалған мәселелерді ескере келе сізден:

1) «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерват территорияларының экологиялық байланысын ретке келтіруді;

2) жабайы аңдардың, оның ішінде әсіресе қарақұйрықтардың бұрынғы қоныс аудару жолдарын сақтау және қалпына келтіру үшін «Алматы – Талдықорған – Өскемен» жол бойында, Жетісу облысы Арқарлы тауларының бөктерінде, Жоламан алқабында, Алматы облысы Шеңгелді өңірінде, Іле-Балқаш резерватында экологиялық дәліз құрылыстарын жобалап, салуды;

3) жабайы жануарлардың сирек кездесетін, жойылып бара жатқан түрлерінің санын қалпына келтіру бойынша атқарылған жұмыстар жайлы және жануарларды қорғау қорын құру туралы толық ақпарат беруіңізді сұраймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, сізге депутаттық сауалдың толық мәтіні жіберіледі. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жоғарыда көтерілген мәселелерге байланысты толық жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, С. Дүйсембинов, С. Ершов, З. Кузеев, А. Толамисов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Уважаемый Алихан Асханович! Опасные и непредусмотренные реакции на лекарственные средства входят в число десяти ведущих причин смерти во многих странах.

Глобальная безопасность лекарств зависит от состоятельности национальной системы, которая контролирует вопросы безопасности, качества и эффективности ввозимых лекарственных средств.

Недавняя трагическая ситуация в Узбекистане, связанная с лекарственным отравлением 19 детей, еще раз доказывает необходимость тщательной оценки рисков и преимуществ завозимых в страну лекарственных препаратов. Предпосылки для возникновения аналогичной ситуации существуют и в нашей стране.

Ключевых факторов в действующей системе допуска фармацевтической продукции на казахстанский рынок, которые могут привести к печальным последствиям, несколько.

Первое. Это недостаточно урегулированная выдача разрешительных документов на разовый ввоз незарегистрированных лекарственных средств. Международная практика допускает разовый ввоз в исключительных случаях, но с последующей обязательной регистрацией при повторном ввозе.

Однако действующие нормы национального законодательства позволяют выдавать разрешение на разовый ввоз неоднократно и беспрепятственно ввозить незарегистрированные лекарственные средства, вакцины и медицинские изделия. Ряд препаратов ввозится в рамках разового ввоза на протяжении нескольких лет ежегодно, в том числе для единого дистрибьютора.

Второе. В настоящее время разовый ввоз широко используется даже в случае наличия на рынке зарегистрированной продукции отечественных и иностранных производителей. К примеру, имея в стране трех отечественных производителей парацетамола в таблетках и капсулах и трех производителей из Беларуси и России, в страну продолжают ввозиться незарегистрированные препараты производства Индии, Китая и других стран по демпинговой цене.

К примеру, в 2022 году большими партиями в рамках разового ввоза было ввезено около 3 миллионов флаконов незарегистрированного окситоцина. При этом в этот же период в стране зарегистрировано шесть производителей указанного препарата. При наличии отечественного производителя и четырех иностранных поставщиков препарат «Метотрексат» в течение 2022 года завозился шесть раз через механизм разового ввоза. Такой механизм открывает двери для ввоза лекарственных средств сомнительного качества исключительно с целью извлечения максимальной прибыли. При этом отечественный производитель не имеет возможности планировать собственные объемы производства, затрачивая средства на регистрацию и другие процедуры, в итоге

оказывается в неконкурентных условиях. И все усилия Правительства по поддержке отечественного товаропроизводителя, по сути, напрасны.

Серьезные риски подобная практика несет и для поставщиков официально ввозимых зарегистрированных препаратов, в целом подрывая инвестиционную привлекательность отечественной фарминдустрии. Подобные двойные стандарты приводят к вымыванию с рынка качественных препаратов добросовестных производителей.

По экспертным оценкам, в течение последних лет в страну ввезено более 1500 наименований не зарегистрированных в Казахстане лекарственных средств, причем нередко препараты закупаются в рамках средств ГОБМП и ОСМС.

Вместе с тем разовый ввоз не решает проблем доступа населения ко многим препаратам, по которым имеется острый дефицит или полное отсутствие на фармацевтическом рынке последние несколько лет, в их ряду противосудорожные, онкологические, психотропные и другие препараты. Население вынуждено самостоятельно искать пути ввоза жизненно важных препаратов из дальнего и ближнего зарубежья.

Третье. Предпосылками, создающими условия для ввоза незарегистрированных лекарств и медицинских изделий, является также несовершенная и непрозрачная система действующего ценорегулирования лекарств.

В соответствии с Кодексом «О здоровье народа и системе здравоохранения» на рынке Казахстана все лекарственные средства должны иметь установленные предельные цены. Однако на препараты разового ввоза из-за отсутствия необходимых регистрационных документов предельные цены не устанавливаются. В случаях нерентабельности предельных цен поставщики обходят процедуры регистрации и производят поставки через разовый ввоз.

По данным экспертов, активная выдача разовых разрешений на ввоз незарегистрированных лекарственных средств привела к условной потере до 30 миллиардов тенге потенциальных объемов производства продукции, или около 21 процента объема производства, а масштабы их негативного влияния на здоровье населения Казахстана нам еще предстоит оценить.

Вместе с тем полноценные данные о побочных действиях лекарств в нашей стране отсутствуют из-за несовершенства системы фармэконадзора, связанной с чрезмерной бюрократизацией.

Таким образом, сегодня нормы отдельных нормативных правовых актов Министерства здравоохранения создают предпосылки для развития теневого рынка и параллельного обращения зарегистрированных и незарегистрированных лекарственных средств, в том числе контрафактной продукции. Отследить движение последней практически невозможно. Маркировка лекарственных средств, ввезенных разовым ввозом, не будет соответствовать требованиям по маркировке Республики Казахстан, так как лекарственные средства изначально произведены не для нашей страны.

На основании вышеизложенного считаем необходимым:

1) пересмотреть нормы регулирования обращения лекарственных средств и исключить в законодательстве пробелы, создающие условия для вольного чтения норм разового ввоза, поскольку потенциальный вред данных норм превышает пользу;

2) для полноценного насыщения внутреннего рынка необходимо изменить подходы в регуляторной системе обращения лекарственных средств, оптимизировать процедуру регистрации, способной обеспечить оперативный доступ к новым видам фармацевтической продукции и прозрачность регулирования цен;

3) по ряду хронически дефицитных или отсутствующих в Казахстане препаратов государство должно взять на себя инвестиционную поддержку налаживания отечественного производства, а также контроль и расходы за их регистрацией.

Информацию о принятых мерах прошу предоставить в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Альназарова, Аргынбекова, Бекенов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Президент страны Касым-Жомарт Кемелевич Токаев обозначил четкие цели Казахстана по определению оптимальных путей достижения показателей вклада в борьбу с климатическими изменениями, определяемых на национальном уровне. Казахстан обладает значительным потенциалом использования возобновляемых источников энергии, который может способствовать устойчивому экономическому развитию и его росту. При этом индустриальное развитие регионов не должно идти в ущерб интересам граждан и качеству жизни людей.

На сегодняшний день экологическая ситуация, сложившаяся в ряде регионов страны, несет реальную угрозу здоровью населения. Так, на территории города Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области с численностью населения 350 тысяч человек размещены 23 предприятия первой категории, относящиеся к первому и второму классам особых и опасных производств. Общий валовый выброс в атмосферу составляет 158 тысяч тонн в год. Согласно данным РГП «Казгидромет», за 2022 год общее количество дней с неблагоприятными метеорологическими условиями (НМУ) составило 96 дней, на которые приходится 42 случая превышения ПДК загрязняющих веществ.

По данным Департамента экологии, местами кратность превышения составляла по диоксиду азота в два раза, по сероводороду – от 3,8 до 9,8 раза. Воздействие данных веществ при высоких концентрациях приводит к химическому воздействию на органы дыхания, а также закислению почвы, интоксикации животных, нарушению баланса экосистемы.

Наибольшую долю выбросов дают крупные промышленные гиганты, а также Усть-Каменогорская и Согринская ТЭЦ. Доля выбросов составляет 45 тысяч тонн в год. По

городу в автономном режиме работают 89 котельных, общая масса выбросов от которых составляет 10 тысяч тонн в год. К таким субъектам относятся пекарни, производственные цеха, мелкие маслобойни и гостиницы.

Ежегодно за отопительный сезон частным сектором сжигается порядка 230 тысяч тонн угля, общая масса выбросов от которых составляет 15 тысяч тонн в год.

Огромной проблемой загрязнения окружающей среды остаются выбросы парниковых газов от транспортного комплекса, где от общего объема выбросов транспортом углекислый газ составляет 97 процентов.

Согласно оценке, выполненной в составе проекта целевых показателей качества окружающей среды, величина валовых выбросов от автомобильного транспорта, как наиболее растущего сектора с углеродным следом, составляет 90 тысяч тонн в год, или 56 процентов общего объема выбросов от всех источников. При этом средний возраст частного автотранспорта составляет более 15 лет, а общественного – достигает 30-летнего возраста. Из-за различных технических неисправностей данный транспорт имеет повышенный расход топлива, что, в свою очередь, приводит к выделению токсичных продуктов и накоплению вредных примесей в приземном слое атмосферного воздуха.

Отсутствие четкой методики в оценке территории при обосновании строительства приводит к нарушению пункта 3 статьи 35 Экологического кодекса в части недопущения размещения новых селитебных территорий в пределах зон, в которых не обеспечивается соблюдение экологических нормативов. Действующие градостроительные нормативы на застройку территорий должны в обязательном порядке учитывать критерии последствий от концентрированной плотной городской застройки, влияющих на снижение качества окружающей среды и ухудшение здоровья граждан.

В связи с вышеизложенным, уважаемый Алихан Асханович, просим Вас.

Первое. Рассмотреть вопрос строительства в городе Усть-Каменогорске новой тепловой электростанции с учетом всех экологических требований в связи с тем, что Усть-Каменогорская ТЭЦ эксплуатируется уже более 70 лет, при этом мощностей данной ТЭЦ критически не хватает, а износ оборудования достигает высоких пределов.

Второе. Ужесточить требования к операторам технического осмотра в части диагностических карт, не соответствующих техническому состоянию автотранспортных средств.

Третье. Разработать и утвердить требования к контролю качества нефтепродуктов и твердого топлива, реализуемого для населения и ТЭЦ.

Четвертое. Рассмотреть возможность возврата ночного тарифа на электроэнергию для частного сектора, что позволит в отопительный сезон уменьшить потребление твердого топлива при печном отоплении.

Пятое. Внести изменения в Правила выдачи комплексных экологических разрешений по объектам третьей категории в части ужесточения требований на строительство и эксплуатацию автономных систем теплоснабжения и производственных котлов на твердом топливе с определением нормативов эмиссий.

Шестое. Рассмотреть вопрос ответственности за отказ от внедрения крупными промышленными предприятиями автоматизированных систем мониторинга за дымовыми газами и сточными водами.

С уважением, депутаты Сената Булавкина, Буктугутов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жолданады.

«Жамбыл облысында «Қаратау» ашық акционерлік қоғамының банкроттық негізде жойылғанына байланысты бұрынғы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу есебіне тиесілі сомаларды төлеу бойынша қалыптасқан қолайсыз жағдай туындап отыр.

Көтерілген мәселенің мәні Жамбыл облыстық сотының 1999 жылғы 9 қаңтардағы шешімімен кәсіпорынның банкрот деп танылғанында. Алайда тау өндірісі кеніші қызметкерлерінің заңды төлемдері жиырма жылдан астам уақыт бойы шешілмеген күйінде қалып отыр.

Аталған уақыт ішінде осы жағдай салалық мемлекеттік органдарда, оның ішінде арнайы құрылған үкіметтік комиссияның отырысында және республикалық деңгейдегі соттарда бірнеше рет қаралған.

Қазіргі таңда заңды күшіне енген сот актілері бар, олар банкрот басқарушысын кредиторлардың (регресшілердің) ай сайынғы төлемдерінің талаптарын мойындауға және жылдық инфляцияның болжамды деңгейі негізінде капиталдандырылған сомалардың қалдығын төлеуге міндеттейді. Бұл ретте сот актілеріне сәйкес банкрот басқарушысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мамандарын тарта отырып әрбір кредиторға индекстеу есебін жүргізуге міндетті. Бірақ жүргізілген индекстеу есептері әрбір кредиторға 3 мың 443 теңгеден бастап 58 мың 171 теңгеге дейін (жалпы сомасы 334,8 миллион теңге), регресшілер бұған қарсы.

Келіспеушіліктің негіздемесі ретінде кредиторлар көрсетілген кезеңде ең төменгі жалақы мөлшерімен қоса азық-түлік, дәрі-дәрмек және басқа да күнделікті тұтынатын тауар бағасының өсуі деген дәлелдер келтіреді.

Регресшілердің пікірінше мұндай есептеулер Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына қайшы келеді, оған сәйкес әрбір азаматқа жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік беріледі.

Кредиторлардың мұндай көзқарасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы 3 желтоқсандағы Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жолданған ұстанымына негізделеді. Онда Қазақстанның саясаты адамның лайықты өмірін қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет екендігі көрсетілген және өмір сүру құнының өсуіне байланысты зиянды өтеу мөлшері туралы дауларды шешкен кезде соттар Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабының ережелерін ескеруі керек. Сондай-ақ бүгінгі күні Үкіметтің 2011 жылғы 25 мамырдағы



№571 қаулысына сәйкес бұрынғы 70 жасқа толған біртекті қызметкерлеріне әлеуметтік ай сайынғы төлемдер белгіленген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты регресшілер сот шешіміне сәйкес банкроттық басқарушы мен министрліктің бұл есептеулерін әділетсіз, заңсыз және қайта қарауға жатады деп санайды. Осыған қоса ұстанымда «салалық мемлекеттік органдар (Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі), барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті болып табылатын сот актілеріне сәйкес есептеулер жүргізді» деген.

Бұрынғы өндіріс қызметкерлері бұл мәселе республикалық соттарда ұзақ уақыт бойы қаралғанын, оның барысында олар көп уақытты, моральдық күштер мен өз қаражатын жоғалтқанын атап өтті.

Өз кезегінде регресшілер министрлік мамандарынан Конституцияның 28-бабын ескере отырып, төлемдерді қайта есептеуді міндеттеу жолымен бұрыннан бар сот актілері шеңберінде шешуді талап етеді.

Құрметті Әлихан Асханұлы, Берік Ноғайұлы! Жоғарыда айтқанды ескере келе осы жағдайды жан-жақты талқылап, мәселенің заңды шешімін табуға ықпал етулеріңізді, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелерінің белгіленген мерзімінде жазбаша жауап берулеріңізді сұраймын.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданатын болады.

Құрметпен Сенат депутаты Орынбеков».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 2 ақпан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Г.Р. Кәрімованың өкілеттіктерін тоқтату туралы**

О прекращении полномочий депутата Сената Парламента Республики Казахстан Каримовой Г.Р. .... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 г.», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Премьер-Министра – Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. .... 2

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. .... 3

ШИПОВСКИХ Г.Г. .... 4

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. .... 5

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

МӘКЕЖАНОВ С.А. .... 6

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам упрощения порядка разрешения трудовых споров и конфликтов», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты**  
**Л.М. ҚАЛТАЕВАНЫҢ баяндамасы**  
 Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан  
 КАЛТАЕВОЙ Л.М. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

РЫСБЕКОВА Л.Т. .... 9

САРБАСОВ А.Ә. – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі, первый вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ..... 9

САТВАЛДИЕВ А.Г. .... 10

САРБАСОВ А.Ә. .... 11

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. .... 12

САРБАСОВ А.Ә. .... 12

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы**  
**А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке  
 АЛНАЗАРОВОЙ А.Ш. .... 12

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НУХҰЛЫ А. .... 13

ЖҮСІП Н.Б. .... 14

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам упрощения порядка разрешения трудовых споров и конфликтов» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы**  
**А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке  
АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. .... 14

**Депутат А.И. ЛУКИНИН** **Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 15

**Депутат Н.Б. ЖҮСИПТИН** **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С. .... 17

**Депутат Г.Т. САРЫБАЕВТЫН** **Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Г.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 18

**Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫН** **Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 20

**Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫН** **Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 22

**Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИН** **Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылқовқа депутаттық сауалы**  
Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылқову Б.Н. .... 24

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы»  
РМК директорының міндетін атқарушы



Н. Уразбаев

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



Г. Молдашева